6D011400 – «Тарих» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбындағы Таракчы Вахдеттің диссертациялық жұмысына биресми

ПІКІР

Таракчы Вахдеттің «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Мұстафа Шоқай: зерттелу мен оқыту мәселелері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзектілігі айқын. Өйткені, қазіргі кезде түрік тілді мемлекеттердің арасындағы мәдени, рухани байланыстардың кеңейіп келе жатқан уақытында ХХ ғасыр басындағы Мұстафа Шоқайдың түркілік бірлік идеясының теориядан нақты саяси тәжірибеге айналатын уақыты келді. Ол идея ендігі жерде саяси сипат алуы керек деп есептейміз. Осындай саяси мән-маңызына қарай тақырып дер кезінде көтерілген.

Диссертацияда М.Шоқайдың өмірі мен шығармашылығы жан-жақты қарастырылғандығы аңғарылады. Әрине, Шоқай тақырыбы осы кезге дейін Қазақстанда аз зерттелген жоқ. Әйтсе де, докторант мәселеге мүлде жаңа қырынан келген екен. Яғни, Шоқайдың эмиграциядағы кезеңін зерттеу мен оқыту тұрғысында қарастыруы жұмыстың басты жаңалығы болып саналады. Докторанттың түркиялық азамат болуы да тақырыпты сол елдің тарихнамасына негіздеп жазғандығы да мәселеге жаңалық сипат бергендей.

Диссертант мамандық шифрына сай жоғары оқу орындарының тарих мамандығының студенттеріне Шоқайды танытудың әдіс-тәсілдерін жетілдіруге арнайы бір тарау арнап, педагогикалық эксперимент жүргізгендігі де білім саласындағы жаңалық болып саналады. Негізінен, ЖОО жүйесінің оқу бағдарламасына жаңа пән енгізу мәселесі өте күрделі болып саналады. Осыған байланысты докторанттың ұсынып отырған таңдау пәнінің қажеттілігі әлі де болса нақтылануы керек сияқты.

Жалпы, Вахдет Таракчының диссертациялық жұмысы талапқа сай орындалған, қорғауа лайық деп бағалаймын.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы **С.Әлібек**

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ «М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ БАСҚАРМАСЫ